Сорғылар қозғалтқышты қорғау релесі бар басқару блогына қосылуы тиіс, ағыту сыныбы - 10 немесе 15.

Ескертпе
Қауіпті жерлерде орнатылатын сорғылар ағыту сыныбы 10 қозғалтқышты қорғау релесі бар басқару блогына қосылуы тиіс.

Ескертпе

Grundfos басқару блоктарын, сорғымен басқару шкафттарын, жарылыстан қорғау құрылғыларын және қорек кабелінің бос ұшын жарылыс қауіпті ортада орнатуға тыйым салынады. Жарылыс қорғанышты сорғылардың жерге тұйықтау сымдарының сорғыдағы тұйықтаудың сыртқы клеммасына қосылуын қамтамасыз ету керек, бұл үшін қорғанышты кабельді қамыты бар сым қолданыңыз. Сыртқы жерге тұйықтауды жалғау үшін, бетін тазалаңыз және қорғанышты кабельді қамыт орнатыңыз. Жерге тұйықтау сымның көлденең қимасы ең аз дегенде 4 мм² болуы тиіс, мысалы, сарғыш-жасыл түсті H07 V2-K (PVT 90°) типті сым. Жерге тұйықтаудың сенімді орындалғанын тексеріңіз. Қорғаныш құрылғысының дұрыс жалғануын қамтамасыз ету керек. Жарылыс қауіпті ортада қолданылатын қалқымалы ажыратқыштардың, бұндай ортада пайдалану үшін рұқсаты болуы керек. Олар тізбектің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, Grundfos Control LC, LCD 108 басқару шкафына LC-Ex4 жарылыстан қорғау құрылғысы арқылы қосылуы тиіс. Grundfos Control DC басқару шкафын қолданған уақытта Зенер кедергісі шкафтың жиынтығына кіру керек.

Ex

Ескертпе

Егер электр қорегінің кабелі зақымданған болса, ол Grundfos сервистік орталығымен немесе тиісті біліктілігі бар қызмет көрсетуші персоналмен айырбасталуы тиіс.

Электр қозғалтқыштың қорғаныш автоматы тұтынылатын ток шамасына бапталуы тиіс. Тұтынылатын ток сорғының номиналды деректері бар фирмалық тақташада көрсетілген.

Ескертпе

Егер сорғының фирмалық тақташасында «Ex» (жарылыстан қорғау) таңбалауы болатын болса, осы құжатта келтірілген нұсқауларға сәйкес, сорғының дұрыс қосылуын қамтамасыз ету керек.

Ex



Назар
ударыңыз!



Ex

Жұмыс кернеуінің және ток жиілігінің мәндері номиналды деректер бар фирмалық тақташада көрсетілген. Кернеудің жол берілетін ауытқуы номиналды кернеуден -10 % / +6 % құрайды. Электр қозғалтқыштың электр сипаттамаларының қорек көзінің бар параметрлеріне сәйкестігін тексеріңіз.

Барлық сорғылар 10 м кабельмен жеткізіледі, кабельдің ұшы бос болады.

Сорғылар төменде көрсетілген басқару құрылғыларының біреуіне қосылуы тиіс:

- электрқозғалтқыштың қорғанысы бар басқару блогына, мысалы Grundfos компаниясының CU 100 үлгісі;
- Grundfos компаниясының LC, LCD 107, LC, LCD 108 немесе LC, LCD 110.

5 немесе 6-сур. қараңыз, сонымен қатар белгілі бір басқару шкафының немесе басқару блогының құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулығын қараңыз.

Потенциалды жарылыс қауіпті ортата мыналарды қолдануға болады:

- жаралыс қауіпті ортаға арнап жасалған, қалқымалы ажыратқыштар және DC, DCD немесе LC, LCD 108 үйлесетін қарғаныш құрылғысы
- немесе LC, LCD 107 үйлесетін ауа қоңырауы түріндегі деңгей датчигі.


Ескертпе




Құрастырар алдында және бірінші рет сорғыны іске қосар алдында, қысқа тұйықталуды болдырмас үшін, кабельдің сыртқы ақауларының жоқтығын тексеріңіз.

Термоажыратқыштар туралы нақтырақ 9.4 *Термоажыратқыштар* тарауынан оқыңыздар.

9.1 Электр жалғауларының схемасы



2-сур. Бір фазалы электр қозғалтқышты сорғыларға арналған жалғаулар схемасы



3-сур. Үш фазалы электр қозғалтқышты сорғыларға арналған жалғаулар схемасы

9.2 CU 100 басқару блогы

CU 100 басқару блогына электр қозғалтқыштың қорғаныш автоматы кіреді және ол деңгей релесімен және кабельмен жеткізіледі.

Бір фазалы электр қозғалтқышты сорғылар:

Жұмыс конденсаторы клеммалы қорапқа қосылған болуы тиіс. Конденсатордың параметрлері кестеде ұсынылған.

Сорғының типі	Жұмыс конденсаторы	
	(мкФ)	(В)
DP және EF	30	450

Іске қосу және тоқтату деңгейлері:

Қосу мен ажыратудың араларындағы деңгейлер айырмашылығының ұлғайуын немесе азаюын кабельдің бос ұшын қысқарту немесе ұзарту арқылы реттеуге болады.

Кабельдің ұзын бос ұшы = деңгейлердің үлкен айырмашылығы.

Кабельдің қысқа бос ұшы = деңгейлердің кішкентай айырмашылығы.

Келесілерді ескеру қажет:

- Ауаның кіруін және батырмалы сорғылардың дірілдеуін болдырмас үшін, сұйықтықтың деңгейі сорғыдағы қамыттың жоғарғы жиегінен төмен түскенге дейін, сорғы тоқтайтындай қылып, **тоқтатудың деңгей релесі** реттелген болуы тиіс.
- **Іске қосу деңгейінің релесі**, сорғы қажетті деңгей кезінде іске қосылатындай болып, реттелуі тиіс, бірақ қандай жағдай болса да сорғы сұйықтық деңгейі сұйыққойма құбырының төменгі жиегіне жеткенге дейін іске қосылуы тиіс.

TM02 5587 4302

TM02 5588 3602

Ескертпе

Сорғының құрғақ жұмыс істеуіне тыйым салынады. Деңгейдің қосымша релесі сорғыны ажырату релесінің істен шыққан кезінде сорғының тоқтауын қамтамасыз ету үшін орнатылуы тиіс. Егер сұйықтық деңгейі сорғының қамытының жоғарғы жиегіне жететін болса, сорғыны тоқтыңыз. Жарылыс қауіпті ортада қолданылатын қалқымалы ажыратқыштардың, бұндай ортада пайдалану үшін рұқсаты болуы керек. Олар Grundfos компаниясының Control DC не LC, LCD 108 сорғыларының басқару шкафына жарылыстан қорғаныс құрылғысы арқылы қосылуы керек.



9.4 Термоажыратқыштар

Барлық сорғылар статор орамасына кіріктірілген термоажыратқыштардың екі жийынтығы бар.

Термоажыратқыш, 1 тізбек (T1-T3), орамның температурасы шамамен 150 °C болған кезде, тізбекті үзеді.

Нұсқау

Аталған термоажыратқыш барлық сорғылар үшін қосылуы тиіс.

Термоажыратқыш, 2 тізбек (T1-T2), орамның температурасы шамамен 170 °C (үш фазалы электр қозғалтқышты сорғылар) немесе 160 °C (бір фазалы электр қозғалтқышты сорғылар) болған кезде тізбекті үзеді.

Ескертпе

Жылу қорғанышы іске қосылғаннан кейін, жарылыс қорғанышты орындалған сорғыларды қайтадан іске қосу қолмен орындалады. Бұл сорғыларды қолмен қайтадан іске қосу үшін, 2 тізбек термоажыратқышы қосылған болуы керек.



Термоажыратқыштардың мейілінше жоғары жұмыс тоғы, ауыспала ток 500 В және қуаттылық коэффициенті 0,6 болған кезде, 0,5 А құрайды. Термоажыратқыштар қорек тізбегіндегі түйісуді ажыратуы тиіс.

Стандартты сорғыларда термоажыратқыштар басқару шкафы арқылы сорғыны автоматты түрде қайтадан іске қосуды орындай алады (орамалар суығаннан кейін, тізбек тұйықталып қалған кезде).

**Ескертпе**

Жеке қорғаныш автоматы немесе электр қозғалтқышпен басқару блогы потенциалды жарылыс қауіпті жағдайларда орнатылмауы тиіс.

9.5 Жилікті түрлендіргішті пайдалану

Жилікті түрлендіргішпен жұмыс істеу үшін келесі ақпаратпен оқып танысу керек. Орындалуға міндетті талаптар. Ұсынымдар. Ескеруге алынуда тиісті салдар.

9.5.1 Талаптар

- Электр қозғалтқыштың жылу қорғанышын қосу керек.
- Ең жоғарғы кернеу және кернеудің өзгеру жылдамдығы төмендегі кестеге сәйкес келуі тиіс. Бұл жерде қозғалтқыштың клеммаларында өлшенген мейілінше жоғары мәндер көрсетілген. Кабельдің әсері ескерілмеген. Ең жоғарғы кернеудің және кернеудің өзгеру жылдамдығының нақты мәндерін және оларға кабельдің әсерін жиілікті түрлендіргіштің сипаттамасынан көруге болады.

М.ж. кезеңдік ең жоғарғы кернеу (В)	Кернеудің өзгеруінің м.ж. жылдамдығы U_N 400 В (В/мксек.)
650	2000

- Егер сорғы жарылыс қорғанышты болатын болса, оның жиілікті түрлендіргішпен пайдалануына жол берілетіндігін оның жарылыс қорғаныш сертификатымен тексеріңіз.
- Қозғалтқыштың сипаттамаларына сәйкес жиілікті түрлендіргіштің коэффициентін U/f орнатыңыз.
- Жергілікті ережелерді/стандарттарды сақтау керек.

9.5.2 Ұсынымдар

Жиілікті түрлендіргішті орнатар алдында, сұйықтықтың нөлдік шығынын болдырмас үшін, қондырғыдағы мейілінше төмен жиілік есептелуі тиіс.

- Қозғалтқыштың айналу жиілігін номиналды жиіліктен 30 % төмен түсірмеген жөн.
- Ағыс жылдамдығын 1 м/сек жоғары ұстап отыру керек.
- Құбыр желілерінің жүйесінде тунбалардың түзілуін болдырмас үшін, сорғы күніне бір рет айналымның номиналды жиілігімен жұмыс істеуі тиіс.
- Айналым жиілігі фирмалық тақташада көрсетілген мәннен артауы тиіс. Бұлай болмаған жағдайда электр қозғалтқыштың шамадан тыс артық жүктелу тәуекелі туындайды.
- Қозғалтқыштың кабелі шама келгенше қысқа болуы тиіс. Жоғарғы кернеу қозғалтқыштың кабелін ұзартқан кезде ұлғаяды. Жиілікті түрлендіргіштің сипаттамаларын қараңыз.

- Жілікті түрлендіргіші бар кіру және шығу сүзгілерін қолданыңыз. Жілікті түрлендіргіштің сипаттамаларын қараңыз.
- Жілікті түрлендіргіші бар қондырғыларда, электр құрылғыларының кедергісін болдырмау үшін, қозғалтқыштың экрандалған кабелін (ЭМУ) қолданыңыз. Экрандалған кабель сорғының қосымша опциясы болып табылады, және ол сорғыға тапсырыс берген уақытта мақұлданады. Жілікті түрлендіргіштің сипаттамаларын қараңыз.

9.5.3 Салдар

Жілікті түрлендіргішті қолдана отырып, сорғыны пайдалану кезінде, келесі болуы мүмкін салдар туралы ойлаған жөн:

- Қозғалтқыштың іске қосылу сәті, электр желісінен тікелей қорек алумен салыстырғанда төмен. Оның қаншаға төмен екендігі жілікті түрлендіргіштің типіне байланысты болады. Болуы мүмкін сәтті тиісті құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықтағы жілікті түрлендіргіштің сипаттамаларынан қараңыз.
- Мойынтіректерге және біліктің тығыздағыштарына кері әсерін тигізуі мүмкін. Бұл әсердің дәрежесі нақты жағдайға байланысты болады. Оны алдын ала анықтау мүмкін емес.
- Акустикалық шудың деңгейі ұлғайуы мүмкін. Акустикалық шудың деңгейін қалай азайтуға болатындығын тиісті құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықтағы жілікті түрлендіргіштің сипаттамаларынан қараңыз.

10. Пайдалануға беру

Ескертпе

Сорғының күйін тексерер алдында сақтандырғыштарды алып тастау керек немесе қоректі желілік ажыратқышпен ажыратып тастау керек. Кернеудің кездейсоқ қайталанып қосылуы немесе рұқсатсыз қосылу мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіңіз. Қорғаныш жабдығының дұрыс қосылымын қамтамасыз ету керек. Сорғының «құрғақ» жүрісіне жол бермеңіз.

Ескертпе

Сорғыны іске қосқаннан кейін, қамытты ашу персоналдың дене жарақатын алуына немесе өлім жағдайына әкеліп соғуы мүмкін.

Ескертпе

Егер сұйыққоймада әлеуетті жарылысқа қауіпті жағдайлар туындаған болса, сорғыны іске қосуға тиым салынады.

Барлық бұйымдар дайындаушы-зауытта қабылдап-тапсыру сынағынан өткізіледі. Орнату орнында қосымша сынақ өткізудің қажеті жоқ.

10.1 Пайдалануға енгізудің жалпы тәртібі

Келесіні орындау керек:

1. Сақтандырғышты шығарып, жұмыс дөңгелегінің еркін айналатындығына көз жеткізу. Жұмыс дөңгелегін қолмен бұрғыңыз.
2. Май камерасындағы майдың күйін тексеру. Сонымен қатар **12.2 Май айырбастау** тарауын қараңыз.
3. Егер ондайлар бар болса, бақылау-өлшеу аспаптарының жұмыс қабілеттілігін тексеру.
4. Деңгей датчиктерінің, қалқымалы ажыратқыштардың немесе электродтардың реттелуін тексеру.
5. Бар ысырмаларды ашу.
6. Сорғыны сұйықтыққа түсіру және сақтандырғыштарды салу.
7. Жүйенің айдалатын сұйықтықпен толтырылғандығын және одан ауаның шығарылғандығын тексеріңіз. Сорғыдан ауаны шығару табиғи түрде жүзеге асырылады.
8. Сорғыны қосу.

Сорғыда шамадан артық шу немесе діріл болған кезде, не болмаса сорғының жұмысында басқа да ақаулықтар немесе электр қорегінен кемшіліктер болатын болса сорғыны шұғыл тоқтату керек. Ақаулықтың себебін таппағанша және оны жойғанша, сорғыны қайтадан іске қоспаңыз.

Назар аударыңыз

Біліктің тығыздағышын айырбастағаннан кейін, бір апта пайдаланудан соң, май камерасындағы майдың күйін тексеріңіз. **12. Техникалық қызмет көрсету** тарауын қараңыз.

10.2 Айналым бағыты

Қозғалтқыштың айналым бағытын тексеру үшін, сорғыны сұйықтыққа батырмай, өте қысқа уақытқа іске қосуға болады.

Бір фазалы электр қозғалтқышты барлық сорғыларда айналыстың дұрыс бағытын қамтамасыз ететін зауыттық қосылымдары бар. **Үш фазалы электр қозғалтқышты** сорғыларды іске қосар алдында олардың айналыс бағытын тексеру керек. Айналыстың дұрыс бағытын қозғалтқыш корпусындағы нұсқар көрсетеді. Сағаттың тілі бойынша айналу, егер қозғалтқышқа үстінен қараса, дұрыс айналыс болып есептеледі. Сорғының ұмтылыс бағыты қосқаннан кейін, жұмыс дөңгелегінің айналыс бағытына қарама-қарсы болады. Егер айналыс бағыты дұрыс болмаса, кез-келген екі фазаның орындарын ауыстырған жөн. 2 немесе 3-сур. қар.



Айналым бағытын тексеру


Әрдайым, сорғыны жаңа қондырғыға қосуды орындау кезінде, айналымның бағытын тексеру келесі жолмен жүргізіледі:

1-тәсіл:

1. Сорғыны қосу және көлемді берілісті немесе тегеурінді өлшеу
2. Қорек кернеуін ажыратып, қорек кабеліндегі екі фазаны ауыстыру
3. Сорғыны қайтадан қосу және тағы да көлемді берілісті немесе тегеурінді өлшеу.
4. Сорғыны ажырату.
5. 1 және 3-тармақтардағы алынған өлшеу нәтижелерін салыстыру. Айналы кезінде алынған көлемді берілісті немесе тегеуріннің неғұрлым жоғары мәні айналыстың дұрыс бағыты болып есептеледі.

2-тәсіл:

1. Сорғыны көтеру құрылғысына іліп қою, мысалы, сорғыларды сұйыққоймаға түсіруге арналған көтеру қондырғысы.
2. Сорғының айналыс сәтінің (ұмтылыс бағытын) бағытын бақылай отырып, сорғыны іске қосып бірден ажырату.
3. Егер сорғы дұрыс қосылған болса, ұмтылыс айналы бағытына қарама-қарсы жаққа болады. 5-сур. қар.
4. Егер айналыс бағыты дұрыс болмаса, қорек кабелінің кез-келген екі фазасының орындарын ауыстырған жөн. 2 және 3-сур. қар.



5-сур. Ұмтылыс бағыты

11. Пайдалану

Пайдалану шарттары 14. *Техникалық сипаттамалар* тарауында келтірілген.

Потенциалды жарылыс қауіпті шарттарда жарыслысқа қорғанышты орындалымдағы сорғыларды қолданыңыз.

Ex

Ескертпе

DP және EF сорғылары еш уақытта жанғыш сұйықтықты айдап қотармауы керек.

Ескертпе

DP және EF жарылыстан қорғалған сорғыларын пайдаланудың арнайы шарттары:


1. Ауыстырған кезде пайдаланылатын бұрандалар **MEMCT P ISO 3506-1 стандартына сәйкес A2-70 дәрежелі немесе одан жоғары болуы керек.**
2. Айдалатын сұйықтықтың деңгейі электр қозғалтқышпен басқару блогына жалғанған екі тоқтау деңгейінің релелерімен реттелуі тиіс. Мейілінше төмен деңгей құрастырудың типіне байланысты болады және ол осы Нұсқаулықта көрсетілген. Сорғының құрғақ жұмыс істеуіне тыйым салынады.
3. Тұрақты жалғанған кабель лайықты түрде қорғалған және потенциалды жарылыс қауіпті аймақтан тыс жерде орналасқан тиісті клеммалы қорапқа шығарылған болуы тиіс.
4. Статордың орамасындағы 150 °C номиналды температураға әсер ететін термоажыратқыш қоректің ажыратылуын кепілдейді.
5. Қоршаған ортаның температурасы шамамен -20 °C ден +40 °C дейін болуы тиіс.

Ex

TM02 7434 3403


11.1 Жұмыс режимдері

Атаулы сорғылар кезеңдің пайдалануға арналған (S3). Толық батырған кезде, сорғылар сонымен қатар үздіксіз режимде пайдаланылады (S1).




6-сур. Жұмыс деңгейлері

- **S3, кезеңдік пайдалану**
S3 жұмыс режимі 10 минут уақыт кезеңінде сорғы 6 минутқа тоқтап, 4 минут бойы жұмыс істеу керектігін білдіреді. 7-сур. қар. Бұл режимде сорғы айдалатын сұйықтыққа жартылай ғана батырылған, яғни сұйықтық деңгейі қозғалтқыштың ортасына дейін ғана жетеді. 6-сур. қар.



7-сур. S3 жұмыс режимі

- **S1, үздіксіз пайдалану режимі**
Бұл режимде сорғы үздіксіз салқындату үшін, тоқтаусыз жұмыс істей алады. Толық батырылған кезде сорғы қоршаған айдалатын сұйықтықпен жеткілікті салқындатылады. 6-сур. қар.



8-сур. S1 жұмыс режимі

Бұйым баптауды қажет етпейді

12. Техникалық қызмет көрсету

Сорғыға техникалық қызмет көрсету бойынша барлық жұмыстарды, сорғы сұйыққоймадан тыс жерде болғанда жүргізу ұсынылады.

Нұсқау

Ескертпе
Сорғыны пайдалануды бастар алдында сақтандырғыштарды ағытып алыңыз немесе қоректі ажыратыңыз. Кернеудің рұқсатсыз немесе кездейсоқ қайталанып қосылу мүмкіндігінің болмайтындығына көз жеткізіңіз. Барлық айналатын тетіктері мен бөлшектері жылжымайтын болуы тиіс.



Ескертпе
Сорғының бөлшектеріне қызмет көрсеткеннен бөлек, басқа техникалық қызмет көрсету бойынша барлық жұмыстар Grundfos мамандарымен немесе Grundfos ресми қызмет көрсету қызметтерімен орындалуы тиіс.



Техникалық қызмет көрсетуді бастар алдында сорғыны таза сумен мұқият жуып шаю керек. Бұғаннан кейін сорғының тетіктерін таза сумен жуып шайған жөн.

Ескертпе
Май камерасының тығындарын бұрап ағытар кезінде, камераның ішінде артық қысым болуы мүмкіндігін ескеру керек. Ешқашан қысым толығымен түспейінше, бұрандалы тығындарды толық бұрап ағытуға болмайды.



12.1 Тексеру

Қалыпты пайдалану режимі кезінде сорғының жұмыстың әрбір 3000 сағаты сайын немесе жылына бір рет тексеру қажет. Егер айдалатын сұйықтықтың құрамында қатты бөлшектер немесе құм көп болатын болса, сорғының жиі тексерген жөн.

Келесілерді тексеру қажет:

- **Тұтынылатын қуат**
Сорғының фирмалық тақташасын қараңыз.
- **Майдың күйі және деңгейі**
Егер бұл жаңа сорғы немесе біліктің тығыздағышын айырбастағаннан кейін орнатылатын сорғы болса, майдың деңгейін пайдаланудың бір аптасынан кейін тексереді. Егер сорғы ұзақ уақыт пайдаланылса және сорғыны тоқтатқаннан кейін, ағызылып алынған майдың түсі, сүт сияқты ақшыл-сұрғылт түсті болатын болса, оның құрамында су бар. Егер майдың құрамының 20 % өзге сұйықтық (су) болатын болма, бұл біліктің тығыздағышының зақымданғанын білдіреді.

TM04 5175 2709

TM04 4527 1509

TM04 4528 1509

15.3 Білік тығыздағышын тексеру/ айырбастау тарауын қар. Қандай жағдай болсада май айырбастауды жұмыстың 3000 сағаты сайын немесе жылына бір рет жүргізіп отыру керек. Бұл үшін Shell Ondina 917 майын немесе осыған ұқсас май қолдану керек. 12.2 Май айырбастау тарауын және 15.4 Техникалық қызмет көрсету үшін жинақтар тарауын қар.

Кестеде сорғының май камерасына қажетті майдың мөлшері көрсетілген:

Сорғының типі	Май камерасындағы май мөлшері [л]
1,5 кВт дейінгі DP және EF сорғылары	0,17
DP 2,6 кВт сорғылары	0,42

Қолданылған майды жинап алу керек және оны жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жою керек.

Нұсқау

- **Кабельді енгізілу**
Кабельді енгізілу герметикалық болуы тиіс, ал кабельдердің қатты иілгені және/немесе қысылғаны болмай тиіс.
15.4 Техникалық қызмет көрсетуге арналған жиынтықтар тарауын қар.
- **Сорғының тетіктері**
Жұмыс дәлелінде, сорғының корпусында және т.б. тозу іздерінің бар немесе жоқ екендігін тексеріңіз. Тозған тетіктерін айырбастаңыз.
15.4 Техникалық қызмет көрсетуге арналған жиынтықтар тарауын қар.
- **Мойынтіректер**
Біліктің шусыз баяу айналысын тексеріңіз (оны жайлап қолмен бұраңыз). Тозған мойынтіректерін айырбастаңыз. Сорғының күрделі жөнделуі әдетте мойынтіректердің зақымданғанында немесе электр қозғалтқыштың жұмысында іркілістер болған жағдайларда жүргізіледі. Жөндеу тек Grundfos мамандарымен немесе Grundfos ресми сервистік қызметтерімен орындалады.

12.2 Май айырбастау

Төменде сипатталғандай, пайдаланудың 3000 сағатынан кейін немесе жылына бір рет май камерасындағы майды айырбастау жүргізіледі. Егер біліктің тығыздағышы айырбасталса, онда осылайша майында айырбастау керек 15.3 Білік тығыздағышын айырбастау тарауын қар.

Майды ағызып алу

Ескертпе
Май камерасының тығындарын бұрап ағытар кезінде, камераның ішінде артық қысым болуы мүмкіндігін ескеру керек. Ешқашан қысым толығымен түспейінше бұрандалы тығындарды толық бұрап ағытуға болмайды



1. Сорғыны бұру немесе бұрандалы тығындарды алып тастау және камерадан ыдысқа барлық қалған майды құю.
2. Майдың құрамында судың немесе басқа лас заттардың бар немесе жоқ екендігін тексеріңіз. Егер біліктің тығыздағышы ағытылып алынған болса, онда май біліктің тығыздағышының күйінің көрсеткіші болады.


Қолданылған майды жинап алу керек және оны жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жою керек.

Нұсқау

Май құю (сорғы көлденеңінен орналасқан)

9-сур. қар.

1. Сорғы қозғалтқыштың корпусында жататындай қылып қою керек және оның майлы тығыны бар қысымды фланеңі жоғары бағытталуы керек.
2. Май камерасына майды жоғарғы саңылау арқылы, төменгі саңылаудан ағуы басталғанға дейін, құйыңыз: енді майлаудың қажетті деңгейіне жетті. 12.1 Тексеру тарауында көрсетілген.
3. Жиынтыққа кіретін тығыздағыш материалды қолдана отырып, бұрандалы тығындардың екеуінде орнатыңыз.
15.4 Техникалық қызмет көрсетуге арналған жиынтықтар тарауын қар.



9-сур. Май құюға арналған саңылау

Май құю (сорғы тік күйінде тұрғанда)

1. Сорғыны тегіс көлденең жерге орнатыңыз.
2. Май камерасына майды саңылаулардың біреуі арқылы, басқа саңылаудан ағуы басталғанға дейін, құйыңыз.
Майдың мөлшері 12.1 Тексеру тарауында көрсетілген.
3. Жиынтыққа кіретін тығыздағыш материалды қолдана отырып, бұрандалы тығындардың екеуінде орнатыңыз.
15.4 Техникалық қызмет көрсетуге арналған жиынтықтар тарауын қар.

TM02 7433 3403

13. Істен шығару

DP және EF сорғыларын пайдаланудан шығару үшін, желілік ажыратқышты «Ажыратулы» күйіне ауыстыру керек. Желілік ажыратқышқа дейін орналасқан барлық электр желілерінде үнем кернеу болады. Сондықтан, құрылғының рұқсатсыз немесе кездейсоқ қосылуын болдырмас үшін, желілік ажыратқышты блоктап тастау керек.

14. Техникалық сипаттамалар

Орнату кезіндегі батыру тереңдігі

Сұйықтық деңгейінен ең көбі 10 метр төмен.

Жұмыс қысымы

Ең көбі 6 бар.

Мезгілді пайдалану режимі

Сағатына іске қосу саны 20 артық емес.

pH мәні

Стационарлы қондырғылардағы DP және EF сорғылар деңгейі pH 4 тен 10 дейін сұйықтықты айдай алады.

Сұйықтық температурасы

0 °C ден +40 °C дейін.

Аз уақытқа (15 минуттан көп емес) +60 °C температурасына жол беріледі (жарылыс қауіпті орталардан басқа).



Ескертпе

Жарылыстан қорғанышты орындалымдағы сорғылар температурасы +40 °C жоғары сұйықтықтарды айдалмауы тиіс

Айдап қотарылатын сұйықтықтың тығыздығы мен жабысқақтығы

Егер айдап қотарылатын сұйықтықтың тығыздығы және/немесе кинематикалық жабысқақтығы судан жоғары болса, GRUNDFOS таңдап алу программасы арқылы сорғының сипаттамасын тексеру керек.

Қорек кернеуі

- 1 x 230 В – 10 %/+ 6 %, 50 Гц
- 3 x 230 В – 10 %/+ 6 %, 50 Гц
- 3 x 400 В – 10 %/+ 6 %, 50 Гц.

Орамның кедергісі

Қозғалтқыштың типтік өлшемі	Орамның кедергісі *	
	Бір фазалы	
	Іске қосу орамы	Басты орам
0,6 кВт		
0,9 кВт	4,5 Ом	2,75 Ом
1,1 кВт		
	Үш фазалы	
	3 x 230 В	3 x 400 В
0,6 кВт		
0,9 кВт	6,8 Ом	9,1 Ом
1,1 кВт		
1,5 кВт		
2,6 кВт	3,4 Ом	4,56 Ом

* Кестедегі деректер кабельді есепке алмай келтірілген. Кабельдердегі кедергілер: 2 x 10 м, шамамен 0,28 Ом.

Қорғаныш дәрежесі

IP68.

Оқшаулау сыныбы

F (155 °C).

Дыбыстық қысым деңгейі

< 70 дБ(А).

15. Ақаулықтың алдын алу және жою

Назар аударыңыз Егер сорғы денсаулыққа қауіпті немесе улы сұйықтықтарды айдауға қолданылса, бұл сорғы ластанған ретінде қарастырылады.

Бұндай жағдайда жөндеуге әрбір тапсырыс берер кезде, алдын ала айдалатын сұйықтық туралы толық ақпарат берген жөн.

Егер бұндай ақпарат берілмеген жағдайда, Grundfos қызмет көрсету орталығы жөндеу жүргізуден бас тарта алады.

Сорғыны фирмаға қайтаруға байланысты болуы мүмкін шығындарды жөнелтуші көтереді.

Ескертпе

Ақаулықтарды табу және жою бойынша операцияларды бастар алдында сақтандырғыштарды алып тастау керек немесе қоректі желілік ажыратқышпен ажыратып тастау керек.



Кернеудің кездейсоқ қайталанып қосылуы немесе рұқсатсыз қосылу мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіңіз.

Айналатын барлық тетіктер мен бөлшектер жылжымайтын болуы тиіс.

Ескертпе

Потенциалды жарылысқа қорғалған жағдайларда сорғыларды пайдаланудың барлық нормалары және ережелері сақталуы керек.



Жарылысқа қорғалғаннан тыс аймақтарда барлық жұмыстар орындалымын қамтамасыз ету керек.

Ақаулық	Себебі	Ақаулықты жою
1. Электрқозғалтқыш іске қосылмайды. Сақтандырғыштар жанып кетеді немесе лезде қозғалтқыштың қорғаныш автоматы іске қосылады. Назар аударыңыз: Қайтадан іске қоспаңыз	a) Электр қорегінің ақаулығы; қысқа тұйықталу; электр қозғалтқыштың кабеліндегі немесе орамасындағы жерге жылыстау.	Кабель және қозғалтқыш білікті маманмен тексеріліп жөндетілуі тиіс.
	b) Сақтандырғыштың сәйкес келмейтін типі.	Лайықты типтегі сақтандырғыш орнату.
	c) Жұмыс деңгелегі балшықпен бітеулі.	Жұмыс деңгелегін жуып-шаю.
	d) Қоңырау түріндегі деңгей датчиктері, қалқымалы ажыратқыштар немесе электродтар реттелмеген немесе ақаулы.	Деңгей датчиктерін, қалқымалы ажыратқыштарды немесе электродтарды тексеру.
2. Сорғы жұмыс істеп тұр, бірақ шамалы уақыттан кейін электр қозғалтқыштың қорғаныш автоматы іске қосылады.	a) Қозғалтқыштың қорғаныш автоматының жылу релесінің төмен орнатылуы.	Релені сорғының фирмалық тақташасындағы техникалық деректерге сәйкес реттеу.
	b) Кернеудің едәуір құлауының салдарынан ток тұтынудың жоғарылауы.	Электрқозғалтқыштың екі фазасының арасындағы кернеуді өлшеу. Ауытқу: - 10 %/+ 6 %. Лайықты кернеудің берілуін жаңартыңыз.
	c) Жұмыс деңгелегі балшықпен бітеулі. Барлық үш фазада ток тұтынудың жоғарылауы.	Жұмыс деңгелегін жуып-шаю.
	d) Жұмыс деңгелегінің саңылауын дұрыс реттемеу.	Жұмыс деңгелегін реттеу. 15.1 Жұмыс деңгелегінің саңылауын реттеу тарауын, 10-сур. қар.

Ақаулық	Себебі	Ақаулықты жою
3. Сорғыны аз уақыт пайдаланғаннан кейін, термоажыратқыш іске қосылады.	a) Сұйықтықтың температурасы тым жоғары. b) Сұйықтықтың кілегейлігі тым жоғары. c) Қорек дұрыс жалғанбаған. (Егер сорғы үш бұрышты жалғауға жұлдызшамен жалғанса, мейлінше төмен кернеу өте төмен болады).	Сұйықтықтың температурасын төмендету. Жұмыс сұйықтығын араластыру. Қорек жалғауын тексеру және түзету.
4. Сорғы төмендетілген сипаттамаларымен және жоғары тұтынылатын қуатпен жұмыс істейді.	a) Жұмыс деңгелегі балшықпен бітеулі. b) Айналыстың қате бағыты.	Жұмыс деңгелегін жуып-шаю. Айналыс бағытын тексеру. Егер айналыс бағыты дұрыс болмаса, қорек кабелінің екі фазасын орындарымен алмастырған жөн. 10.2 Айналыс бағыты тарауын қар.
5. Сорғы жұмыс істеуде, бірақ судың берілуі жоқ.	a) Тегеурінді құбыр желісінің ысырмасы бітеулі немесе блокталған. b) Кері клапан блокталған. c) Сорғының ішінде ауа бар.	Ысырманы тексеру немесе тазалау керек. Кері клапанды жуып-шаю. Сорғының ішіндегі ауаны шығару.

15.1 Жұмыс деңгелегінің саңылауын реттеу

Айқындама нөмірлерін *2-қосымшадан* қар.

Келесіні орындау керек:

1. DP сорғылары үшін ғана:

Сорғыш желідегі (84-айқ.) торлы сүзгіштерді бекітетін бұрандаларды босату және алып тастау (188с айқ.), торлы сүзгішті алып тастау.

2. Барлық сорғылар:

Бұрандамаларды босату (188b айқ.).

3. Реттеуіш бұрандаларды босату (189-айқ.) және сүзілмелі тығыздауыш шығыршығын (162-айқ.) жұмыс деңгелегіне тірелмейінше итеру.

4. Реттеуіш бұрандаларды сүзілмелі тығыздауыш шығыршағы жұмыс деңгелегін жанасатындай етіп бекіту керек. Содан кейін барлық реттеуіш бұрандаларды жартылай босату керек.

Жұмыс деңгелегі еркін айналуы керек. Сүзілмелі тығыздауыш шығыршағымен жанаспауы керек.

Нұсқау


5. Бұрандаларды тарту.

6. Жұмыс деңгелегін қолмен бұрыңыз. Сүзілмелі тығыздауыш шығыршағымен жанаспайтындығына көз жеткізіңіз.

7. DP сорғылары үшін ғана:

Торлы сүзгішті орнатып, бұрандаларды тартыңыз (188с айқ.)

15.2 Сорғы корпусын жуып-шаю тарауын қар.



TM02 7431 2209

10-сур. Сорғыш келте құбыры жағынан сорғы көрінісі

15.2 Сорғы корпусын жуып-шаю

Айқындама нөмірлерін *2-қосымшадан* қар.

Келесіні орындау керек:

Бөлшектеу

1. Сорғыны тікелей күйге қою.
2. Электрқозғалтқыш пен сорғы корпусын жалғайтын қамытты босатып, шешіп алу (92-айқ.)
3. Сорғы корпусынан қозғалтқыш буынын алу (50-айқ.). Жұмыс деңгелегі біліктің бүйіржағында бекітілгені үшін олі электр қозғалтқышының жиынтығында бөлшектенеді.
4. Сорғы корпусын және жұмыс деңгелегін жуып-шаю.

Жинау

1. Сорғы корпусына жұмыс деңгелегі мен қозғалтқыш буынын орнату
 2. Қамытты орнату және тарту.
- Сонымен қатар **15.3 Білік тығыздағышын ауыстыру** тарауын қар.

15.3 Білік тығыздағышын ауыстыру

12.1 Тексеру тарауында айтылғандай, май күйін тексеру - білік тығыздауышында зақымдану бар-жоғын айқындайды.

Егер майда 20 %-дан артық су болатын болса, бұл білік тығыздағышының зақымданғандығын білдіреді және оны алмастыру керек. Білік тығыздағышын ауыстырмаса, электрқозғалтқыш зақымданады.

Айқындама нөмірлерін **2-қосымшадан** қар.

15.4 Техникалық қызмет көрсетуге арналған жиынтықтар**Ескертпе**

Сорғының күйін тексерер алдында сақтандырғыштарды алып тастау керек немесе қоректі желілік ажыратқышпен ажыратып тастау керек. Көрнеудің кездейсоқ қайталанып қосылуы немесе рұқсатсыз қосылу мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіңіз.

Айналатын барлық тетіктер мен бөлшектер жылжымайтын болуы тиіс

Төменде көрсетілген техникалық қызмет көрсетуге арналған жиынтықтар сорғының барлық орындалым түріне лайықты.

Техникалық қызмет көрсетуге Сипаттама арналған жиынтық		Сорғы түрі	Материал	Өнім нөмірі		
Білік тығыздауышы	Білік тығыздауышы жиынтықта	0,6 кВт - 1,5 кВт	BQQP	96106536		
			BQQV	96645161		
		2,6 кВт	BQQP	96076123		
			BQQV	96645275		
Тығыздауыш шығыршақ	Бұрандалы тығынға арналған тығыздауыш шығыршақтар және аралықтар.	0,6 кВт - 1,5 кВт	NBR	96115107		
			FKM	96646049		
		2,6 кВт	NBR	96115108		
			FKM	96646060		
		Жұмыс деңгелегі	Жұмыс деңгелегі реттеуіш бұрандамен, білік бұрандасымен және сынамен бірге жиынтықталады.		EF 30.50.06	96115101
					EF 30.50.09	96115109
EF 30.50.11	96115102					
EF 30.50.15	96115103					
DP 10.50.09	96115104					
DP 10.50.15	96115105					
DP 10.65.26	96115106					
	Май	1 литр май, Shell Ondina 917 типі. Май камерасына арналған қажетті майлау мөлшерін 12. Техникалық қызмет көрсету тарауынан қар.	Барлық түрі	96076171		

Нұсқау

Кабельдерді ауыстыру Grundfos мамандарымен немесе Grundfos арнайы қызмет көрсету компанияларымен орындалады.

16. Бұйымды кәдеге жарату

Шекті күйдің негізгі өлшемдері болып табылатындар:

1. жөндеу немесе ауыстыру қарастырылмаған бір немесе бірнеше құрамдас бөліктердің істен шығуы;
2. пайдаланудың экономикалық тиімсіздігіне алып келетін жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге шығындардың ұлғаюы.

Аталған жабдық, сонымен қатар, тораптар мен бөлшектер экология саласында жергілікті заңнамалық талаптарға сәйкес жиналуы және кәдеге жаратылуы тиіс.

17. Дайындаушы. Қызметтік мерзімі

Дайындаушы:

GRUNDFOS Holding A/S концерні,
Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro, Дания*

* нақты дайындалу елі фирмалық тақташасында көрсетілген.

Уәкілетті дайындаушы тұлға/Импорттаушы**:

«Грундфос Истра» ЖШҚ
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Павло-Слободское ө/м.,
Лешково ауылы, 188-үй.

Орта Азия бойынша импорттаушы:

«Грундфос Қазақстан» ЖШС
Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7

** импорттық жабдықтарға қатысты көрсетілген.

Ресейде дайындалған жабдық үшін:

Дайындаушы:

«Грундфос Истра» ЖШҚ
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Павло-Слободское ө/м.,
Лешково ауылы, 188-үй.

Орта Азия бойынша импорттаушы:

«Грундфос Қазақстан» ЖШС
Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7.

Жабдықтың қызмет мерзімі 10 жылды құрайды.

Техникалық өзгерістер болуы мүмкін.

Приложение 1.





Рис. 11 Установка насоса на автоматической трубной муфте

Мощность [кВт]	Z2	Z4	Z7	Z9	Z10a	Z12B	Z15	Z16	ZDN1
0.9 -1.5	95	87	427	85	3/4"	129	58	-	RP2
2,6	210	140	-	81	1 1/2"	-	175	266	DN65

TM04 5073 1310




TM02 7346 1310

Рис. 12 Установка насоса на автоматической трубной муфте

Мощность [кВт]	F	D	Z11	Z12a	Z7	Z6
2.6	252	137	656	64	436	623

DP 10.50 EF 30.50



TM04 5076 1310/ TM5077 1310

Рис. 13 Установка насоса на автоматической трубной муфте

Мощность [кВт]	B	F	G1	Z6a	M	N	O	Z11	Z12a	Z18	Z19	ZDN1
DP 0.6, 0.9 и 1.5	75	218	160	325	140	100	600	523	30	286	110	Rp2
EF 0.6, 0.9 и 1.5	75	218	163	325	140	100	600	520	30	286	110	RP2




Рис. 14 Свободная установка

Мощность [кВт]	A	C	D	E	F	H	DC02	Z20	DN2	I
0.6, 0.9 и 1.5	493	252	117	150	218	87	—	—	R2	123
2.6	592	294	137	180	252	102	143	185	DN65	143

TM02 7231 1310/ TM02 7234 1310




Рис. 15 Свободная установка

Мощность [кВт]	A	C	D	E	F	H	I	DN2
0.6, 0.9 и 1.5	494	252	117	102	218	84	123	R2

TM04 5074 1310

Приложение 2.




Рис. 16 Деталировка насоса DP 10




Рис. 17 Деталировка насоса DP 10

TM02 7232 2803




Рис. 18 Деталировка насоса EF

TM02 7362 3009

Поз.	Наименование	Айқ.	Аталуы
6а	Штифт	6а	Сұққыш
7а	Заклепка	7а	Шеге
9а	Шпонка	9а	Кіптек
26а	Уплотнительное кольцо круглого сечения	26а	Дөңгелек қимадағы тығыздауыш шығыршақ
37	Уплотнительное кольцо круглого сечения	37	Дөңгелек қимадағы тығыздауыш шығыршақ
37а	Уплотнительное кольцо круглого сечения	37а	Дөңгелек қимадағы тығыздауыш шығыршақ
48	Статор	48	Статор
48а	Клеммная колодка	48а	Клеммалық негіз
49	Рабочее колесо	49	Жұмыс дөңгелегі
50	Корпус насоса	50	Сорғы корпусы
55	Корпус статора	55	Статор корпусы
58	Корпус уплотнения вала	58	Білік тығыздауышының корпусы
66	Стопорная шайба	66	Тоқтатқыш шайба
76	Фирменная табличка с номинальными техническими данными	76	Номиналды техникалық деректерімен фирмалық тақташа
84	Фильтр	84	Сүзгі
92	Хомут	92	Қамыт
102	Уплотнительное кольцо круглого сечения	102	Дөңгелек қимадағы тығыздауыш шығыршақ
103	Втулка	103	Төлке
104	Уплотнительное кольцо	104	Тығыздауыш шығыршақ
105	Уплотнение вала	105	Білік тығыздауышы
105а		105а	
107	Уплотнительное кольцо круглого сечения	107	Дөңгелек қимадағы тығыздауыш шығыршақ
153	Подшипник	153	Мойынтірек
154	Подшипник	154	Мойынтірек
155	Масляная камера	155	Май камерасы
158	Упорное нажимное кольцо	158	Берік қысқыш шығыршағы
159	Уплотнительное кольцо круглого сечения	159	Дөңгелек қимадағы тығыздауыш шығыршақ
162	Нижняя крышка	162	Төменгі қақпақ
172	Ротор/вал	172	Ротор/білік
173	Винт	173	Бұрауыш
173а	Шайба	173а	Шайба
176	Внутренняя часть разъема кабеля	176	Кабель жалғағышының ішкі жағы
181	Наружная часть разъема кабеля	181	Кабель жалғағышының сыртқы жағы
185	Уплотнительное кольцо круглого сечения	185	Дөңгелек қимадағы тығыздауыш шығыршақ
187	Уплотнительное кольцо круглого сечения	187	Дөңгелек қимадағы тығыздауыш шығыршақ
188а	Винт	188а	Бұрауыш
188b	Болт	188b	Бұранда
188с	Винт	188с	Бұрауыш
189	Регулировочный винт	189	Реттеуіш бұрама
190	Ручка	190	Тұтқа
193	Резьбовая пробка	193	Бұрандалы тығын
193а	Масло	193а	Май
194	Прокладка	194	Аралық
198	Уплотнительное кольцо круглого сечения	198	Дөңгелек қимадағы тығыздауыш шығыршақ

RU

Насосы DP и EF сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).

Сертификат соответствия:
№ TC RU C-DK.АИ30.В.01357 срок действия до 18.02.2020 г.

Выдан органом по сертификации продукции «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» ООО «Ивановский Фонд Сертификации», аттестат аккредитации № РОСС RU.0001.11АИ30 от 20.06.2014 г., выдан Федеральной службой по аккредитации; адрес: 153032, Российская Федерация, Ивановская обл., г. Иваново, ул. Станкостроителей, дом 1; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Насосы DP и EF сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности оборудования для работы во взрывоопасных средах» (ТР ТС 012/2011) Сертификат соответствия:
№ TC RU C-DK.ГБ08.В.00347 срок действия до 20.05.2019 г.

Выдан органом по сертификации продукции взрывозащищенного оборудования Закрытое Акционерное Общество Технических Измерений, Безопасности и Разработок (ОС ВО ЗАО ТИБР), аттестат аккредитации № РОСС RU.0001.11ГБ08 срок действия с 15.06.2011 г. по 15.06.2016 г., выдан Федеральным Агентством по техническому регулированию и метрологии; адрес: 301760, Тульская обл., г. Донской, ул. Горноспасательная, д. 1, стр. А, Россия; тел./факс: (48746) 5-59-53.

Истра, 19 февраля 2015 г.

KZ

DP және EF сорғылары «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), «Машиналар және жабдықтар қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011) «Техникалық заттардың электрлі магниттік сәйкестілігі» (ТР ТС 020/2011) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестілігі сертификатталды.

Сәйкестік сертификаты:
№ TC RU C-DK.АИ30.В.01357 жарамдылық мерзімі 18.02.2020 жылға дейін.

«Иваново Сертификаттау Қоры» ЖШҚ «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» өнімді сертификациялау бойынша органымен берілген, аккредитациялау аттестаты № РОСС RU.0001.11АИ30 20.06.2014 ж., аккредитациялау бойынша Федералды қызметімен берілген; мекен-жайы: 153032, Ресей Федерациясы, Иванов облысы, Иваново қ., Станкостроителей көш., 1 үй; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

DP және EF сорғылары Кеден одағының «Жарылыс қауіпті орталарда жұмыс істеуге арналған құрылғылардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 012/2011) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестілігіне сертификатталған.

Сәйкестік сертификаты:
№ TC RU C-DK.ГБ08.В.000347, жарамдылық мерзімі 20.05.2019 ж. дейін.

Техникалық өлшемдер, Қауіпсіздік және Әзірлемелер Жабық Акционерлік Қоғамының жарылысқа қорғалған өнімін сертификаттау бойынша (ТӨҚӘ ЖАҚ ЖҚ СО) берілді, аккредитация аттестаты № РОСС RU.0001.11ГБ08; жарамдылық мерзімі 15.06.2011 жылдан 15.06.2016 жылға дейін. Техникалық реттеу және метрология бойынша Федералды агенттігімен берілді; мекен-жайы: 301760, Тула обл., Донской қ., Горноспасательный көш., 1-үй. А беті, Ресей; тел/факс: (48476) 5-59-53



Касаткина В. В.

Руководитель отдела качества,
экологии и охраны труда
ООО Грундфос Истра, Россия
143581, Московская область,
Истринский район,
дер. Лешково, д.188

Российская Федерация

ООО Грундфос
111024, Москва,
Ул. Авиамоторная, д. 10, корп.2,
10 этаж, офис XXV. Бизнес-
центр «Авиаплаза»
Тел.: (+7) 495 564-88-00, 737-30-00
Факс: (+7) 495 564 88 11
E-mail:
grundfos.moscow@grundfos.com

Республика Беларусь

Филиал ООО Грундфос в Минске
220125, г. Минск,
ул. Шафарнянская, 11, оф. 56,
БЦ «Порт»
Тел.: +7 (375 17) 286-39-72/73
Факс: +7 (375 17) 286-39-71
E-mail: minsk@grundfos.com

Республика Казахстан

Грундфос Казахстан ЖШС
Казақстан Республикасы, KZ-
050010 Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы,
Қыз-Жібек көшесі, 7
Тел: (+7) 727 227-98-54
Факс: (+7) 727 239-65-70
E-mail: kazakhstan@grundfos.com

be think innovate

98981433 1115

ECM: 1167588

© Copyright Grundfos Holding AS

The name Grundfos, the Grundfos logo, and be think innovate are registered trademarks owned by Grundfos Holding AS or Grundfos AS, Denmark. All rights reserved worldwide.

www.grundfos.com

GRUNDFOS 